



БҰЙРЫҚ

25.07.2024

Бақанас ауылы

ПРИКАЗ

№ 92-И

село Бақанас

**Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуын
және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 – бабының 38 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) сәйкес және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН :**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынандай мерзімдері айқындалсын: бабының 38
2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:
1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
 - 1- тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
 - 2- тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
 - 3 – тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);
 - 1 – сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда);
 - 4 – тоқсан - 8 оқу аптасы.
2. Қорытынды аттестатаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 9 (10) - сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;

000319

11 (12) – сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттуды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан - 2025 жылғы 29 мамыр ;

2) қазақ /орыс (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан , гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала , әңгіме , эссе) - 2025 жылғы 2 маусым ;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан - 2025 жылғы 10 маусым ;

11(12) - сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихынан тестілеу- 2025 жылғы 30 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан 2025 жылғы 3 маусым;

3) қазақ / орыс (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жыл 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;

5) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан - 2025 жылғы 13 маусым ;

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өіме қалдырамын.

Бөлім басшысының м.а  С. Алматова